

"Ақылы негізде көрсетілетін қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 412 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 1 шілдедегі № 305 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 3 шілдеде № 20929 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 28 шілдедегі № 911 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 28.07.2025 № 911 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ақылы негізде көрсетілетін қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15624 болып тіркелген, 2017 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Спорт саласында маманданатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік мекемесі ақылы негізде көрсететін қызметтерге тарифтерді бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Спорт саласында маманданатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік мекемесі ақылы негізде көрсететін қызметтерге тарифтер бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт саласында маманданатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мемлекеттік мекемесі ақылы негізде көрсетілетін қызметтерге тарифтер осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті – Армия орталық спорт клубы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі

Н. Ермекбаев

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2020 жылғы 1 шілдедегі
№ 305 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 3 тамыздағы
№ 412 бұйрығымен
бекітілді

Спорт саласында маманданатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мемлекеттік мекемесінің ақылы негізде көрсетілетін қызметтеріне тарифтер

Р/с №	Мекеменің (филиал) атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Құны (теңге)			
			1 сағаттан айына 12 сабақ		бір рет болу	
			ересек адам	балалар	ересек адам	балалар
043 көрсетілетін қызметтер түрі – Дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қызметтер						
1	Спорт комитеті – Армия орталық спорт клубы	Тренажер залындағы д е н е шынықтыру-с ауықтыру сабақтары	8 000			
		Ж ү з у бассейнінде д е н е шынықтыру-с ауықтыру сабақтары	10 000	7 000	1 000	700
		Спорт және о й ы н залындағы				

		д е н е шынықтыру-с ауықтыру сабақтары	6 000			
2	Оқу-жаттықт ыру орталығы (филиал, Алматы облысы, Панфилова к.)	Спорт және о й ы н залындағы д е н е шынықтыру-с ауықтыру сабақтары	3 000			
		Ж ү з у бассейнінде д е н е шынықтыру-с ауықтыру сабақтары	10 000	5 000	1 000	500

044 көрсетілетін қызметтер түрі – Қарулы Күштерге ведомстволық тиесілігі жоқ жеке және заңды тұлғалар мен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтер (жарыстарды, арнайы кешенді спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу)

Р/с №	Мекеменің (филиал) атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Құны (теңге)
3	Спорт комитеті – Армия орталық спорт клубы	Бір спортшыға тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу, 1 тәулік үшін	2 500
		Бір спортшыға тамақтанумен және тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу, 1 тәулік үшін	4 000
		Бір спортшыға тамақтанумен және тұрумен, монша процедураларымен (қалпына келтіру) аптасына 1 рет оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу, трансфер, 1 тәулік үшін	5 000
		Бір спортшыға тамақтанумен және тұрумен, монша процедураларымен (қалпына келтіру) , медициналық қызметкердің қызметтерімен (бастапқы және қорытынды медициналық тексеру) аптасына 1 рет оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу, 1 тәулік үшін	7 000
		Спорт залында және теннис кортында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	15 000
		Шағын спорт және ойын залында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	7 500
		Футбол алаңында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	25 000

		Мини-футбол алаңында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	12 500
		Жүзу бассейнінде спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	12 000
4	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Алматы облысы, Панфилова к.)	Бір спортшыға тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу, 1 тәулік үшін	2 000
		Бір спортшыға тамақтанумен және тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу, 1 тәулік үшін	4 000
5	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Ақмола облысы, Щучинск к.)	Бір спортшыға тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу, 1 тәулік үшін	2 500
		Бір спортшыға тамақтанумен және тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу, 1 тәулік үшін	5 500
		Бір спортшыға тамақтанумен және тұрумен, медициналық қызметкердің қызметтерімен (бастапқы және қорытынды медициналық тексеру) оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу, 1 тәулік үшін	7 000
		Бір спортшыға шаңғы-роллер трассасында оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу, 1 тәулік үшін	1 500

045 көрсетілетін қызметтер түрі – Спорттық құралдарды және спорттық құрылыстарды беру жөніндегі қызметтер

Р/с №	Мекеменің (филиал) атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Құны (теңге)
6	Спорт комитеті – Армия орталық спорт клубы	Спорттық құрылыстарды беру (көркем гимнастикаға, жекпе-жекке, спорттың ойын түрлеріне арналған спорттық платформа, тир, теннис корты, тренажер залы, әскери-қолданбалы және қолданбалы спорт түрлері платформасы), 1 сағат үшін	10 000
		Спорттық құрылыстарды беру (футбол алаңы), 1 сағат үшін	15 000
		Спорттық құрылыстарды беру (футбол алаңының жартысы), 1 сағат үшін	7 500
		Спорттық құрылыстарды беру (мини-футбол алаңы), 1 сағат үшін	5 000
		Спорттық құрылыстарды беру (жүзу бассейні), 1 сағат үшін (1 жолақ)	3 000
		Спорттық құрылыстарды беру (спорт және ойын залы), 1 сағат үшін	4 000

		Жалпы білім беру мекемелері үшін спорттық құрылыстарды беру, 90 мин үшін (30 адамнан көп емес)	1000
7	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Алматы облысы, Панфилова к.)	Спорттық құрылыстарды беру (жүзу бассейні), 1 сағат үшін (1 жолақ)	3 000
		Спорттық құрылыстарды беру (спорт залы), 1 сағат үшін	4 000
		Спорттық құрылыстарды беру (футбол алаңы), 1 сағат үшін	5 000
8	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Ақмола облысы, Щучинск қ.)	Спорттық құрылыстарды беру (тренажер залы), 1 сағат үшін	3 000
		Спорттық құралдарды беру (шаңғы, коньки, плюшкарлар, велосипедтер), 1 сағат үшін	500

076 көрсетілетін қызметтер түрі – санаториялық-курорттық қызмет және медициналық оңалту жөніндегі қызметтер

Р/с №	Мекеменің (филиал) атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Құны (теңге)
9	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Ақмола облысы, Щучинск қ.)	Медициналық қызметтер (су асты душы - массаж)	1000
		Медициналық қызметтер (Шарко душы)	500
		Медициналық қызметтер (циркуляр, сарқырамалы, төменнен көтерілетін душ)	500
		Медициналық қызметтер (булы сауна, самырсынды бөшке)	2000
		Медициналық қызметтер (парафин-озокеритті аппликациялар)	600
		Медициналық қызметтер (СМВ терапия, УЖЖ терапия)	600
		Медициналық қызметтер (ингаляция)	300
		Медициналық қызметтер (галокамера)	400
		Медициналық қызметтер (жалпы массаж)	4000
		Медициналық қызметтер (МЖА, иық буынының, қол массажы)	800
		Медициналық қызметтер (арқа және іш массажы)	1000
		Медициналық қызметтер (бұлшық ет ішіне инъекциялар)	300
		Медициналық қызметтер (тамыр ішіне инъекциялар)	1000
		Медициналық қызметтер (тамыр ішіне құю инъекциялары)	1500
		Медициналық қызметтер (электросон)	600
		Медициналық қызметтер (физиотерапевт дәрігерінің қабылдауы)	1000

	Медициналық қызметтер (кардиолог дәрігерінің қабылдауы)	1000
	Медициналық қызметтер (ЭКГ)	500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК